

Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 27 наурыздағы "2020 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелер туралы" № 55/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облыстық әкімдігінің 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 194/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қыркүйекте № 6949 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 108 бұйрығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 27 наурыздағы "2020 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелер туралы" № 55/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6787 болып тіркелген, 2020 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Қ. Байхановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Скаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

2020 жылғы "17" қыркүйек

Павлодар облысы әкімдігінің
2020 жылғы 18 қыркүйегі

№ 194/4 қаулысына
қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің
2020 жылғы "27" наурыздағы
№ 55/2 қаулысына
қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2020 жылға арналған субсидиялар көлемдері

Р/с №	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативі, теңге	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана, доза)	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	5 536	55 360
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	3 935	59 025
3	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	300	45 000
Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:					
4	Отандық		150 000	600	90 000
5	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	200	45 000
6	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300 000	1 425	427 500
7	Шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың		150 000		150 000

	импортталған аналық басын сатып алу	сатып алынған бас		1 000	
8	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою куаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарын а өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	734 105	146 821
	Барлық сомасы				1 018 706
1	2	3	4	5	6
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:				
9	Бір жынысты	сатып алынған	10 000	480	4 800
10	Қос жынысты	доза	5 000	666	3 330
	Ірі кара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
11	Отандық		200 000	30	6 000
12	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	сатып алынған бас	400 000	1 159	463 600
	Сүт өндіру құнын арзандату:				
13	Бағымдағы сиырларының		45		900 288,45

	саны 600 бастан басталатын шаруашылық			20 006 410	
14	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	30	2 292 877	68 786,31
15	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20	3 000 000	60 000
16	А у ы л шаруашылығы кооперативі		20	3 000 000	60 000
17	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	2 600	13 000
	Барлық сомасы				1 579 804,76
Етті құс шаруашылығы					
	Құс етін өндіру құнын арзандату				
18	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	2 466 745,14	123 337,257
	Барлық сомасы				123 337,257
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
19	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	600 000	36 000

	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)				
20	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	1,2	90 000 000	108 000
21	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,1	45 000 000	49 500
	Барлық сомасы				193 500
Қой шаруашылығы					
	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
22	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	10 203	40 812
23	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	23 272	58 180
24	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	244	3 660
	Барлық сомасы				102 652
1	2	3	4	5	6
Жылқы шаруашылығы					
25	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	64	6 400
	Барлық сомасы				6 400
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:					
26	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	35 000	2 100
	Барлық сомасы				2 100
	Барлығы				3 026 500,017

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚШ – Америка Құрама Штаттары.